



## Белсенді оқыту технологиясы

шәкірттерді жаңа білімді өздігінен ізденіп алуына мүмкіндік жасайды.

Бұл үшін сабақта төмендегі мәселелерге баса назар аударған жөн:

- сабақ құрылымының икемділігі;
- оқығаны бойынша пікірталастың болуы;
- дидактикалық ойындар;
- интенсивті өзіндік әрекет;
- тілдік бірліктерді салыстыруды, топтауды, жүйелеуді және тілдік құбылыстар заңдылықтарын дәйектеуді ұйымдастыруы;
- білім алушының белсенділік көрсетуіне мүмкіндік беретін педагогикалық жағдаяттарды құруы.

Оқушылардың  
функционалдық  
сауаттылығын  
дамыту.

Дерек сөздермен  
жұмыс жасау  
дағдылары,  
талдау және  
синтездеуді  
меңгерту.

**Міндеті**

Жауапкершілікті  
сезінетін  
азаматтық  
позициясын  
қалыптастыру.

Күнделікті өмірде  
білімін қолдана  
білу дағдыларын  
дамыту.





### Белсенділіктің 3 деңгейі:

- **Қайта жаңғырту белсенділігі** — оқушының білімді түсінуге, есте сақтауға, қайта жаңғыртуға тырысуы, яғни, үлгі бойынша пайдалану тәсілдерін меңгеруі
- **Интерпретация белсенділігі** — оқушының оқытылған материалдың мәнін түсінуге, осы ақпараттардың арасындағы байланысты түсінуге тырысуы, яғни, ақпаратты (білімді) үлгі бойынша емес, өзгертілген жағдайда пайдалану тәсілдерін меңгеруі
- **Шығармашылық белсенділік** — оқушының мәселені шешу жолдарын өз бетінше іздеуі, яғни, танымдық қызығушылығын көрсете білуі.

